QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №21 (1979) 16 МАУСЫМ 2025 ЖЫЛ

«Орталық Азия – Қытай» II саммиті: ҚазҰУ-да Алматы хартиясына қол қойылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Орталық Азия – Қытай» II саммиті аясында II халықаралық академиктер форумы өтті. Ауқымды шараны Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы және Сиань Цзяотун университеті бірлесіп ұйымдастырды.

Форумның мақсаты – ғылыми зерттеулер мен озық технологияларды енгізу арқылы климаттың өзгеруі, шөлейттену, халықтың өсуі және кедейлікпен күресу сияқты өзекті жаһандық сын-қатерлерді шешуге жәрдемдесу.

Форумға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, Сиань Цзяотун университетінің (XJTU) атқарушы вице-президенті Би Чжаохун, ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова, Алматы қаласы әкімдігі, министрлік өкілдері, сондай-ақ Орталық Азия және Қытай елдерінен энергетика саласындағы ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Жалғасы 2-бетте



Вице-министр ғылыми орталықтармен танысты

ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға жұмыс сапары аясында университеттің негізгі нысандарының жұмысымен танысты. Атап айтқанда ол Жерді қашықтықтан зондтау орталығын (ЖҚЗ), «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығын, сондай-ақ суперкомпьютер кластерін аралады.

Сапар барысында «Farabi Hub» орталығына ерекше назар аударылды, оның әлеуеті ғалымдар, кәсіпкерлер мен студенттер арасында инновацияларды дамыту және ынтымақтастықты жолға қою үшін тиімді алаң ретінде атап өтілді. Сонымен қатар вице-министрге ҚазҰУ-ға орнатылған Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер, «Жерді қашықтықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану» Қазақстан-Қытай бірлескен зертханасының жұмысы көрсетілді.



Гүл БАЯНДИНА

Ректор ТМД-ға мүше мемлекеттердің форумына қатысты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ТМД мемлекеттерінің шығармашылық және ғылыми зиялыларының XVIII форумына қатысты.

Биылғы жиын «Тәуелсіз мемлекеттер достастығы: гуманитарлық ынтымақтастықтың жаңа көкжиектері» тақырыбына арналды.

Дәстүрлі түрде өтетін шара ТМД кеңістігіндегі ең ірі гуманитарлық алаңдардың бірі. Аталған форум мәдениет, білім беру, ғылым, архив ісі, ақпарат және бұқаралық коммуникациялар, спорт, туризм және жастармен жұмыс істеу салаларындағы бірлескен жұмысты ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады.

Екікүндік форум аясында панельдік сессиялар мен пікірталас алаңдары ұйымдастырылды. Онда ТМД халықтарының Ұлы Жеңіске қосқан үлесі, мәдениеттегі дәстүр мен инновация, ғылым мен білімдегі заманауи үрдістер, сондай-ақ ТМД кеңістігінде бірыңғай ақпараттық орта қалыптастыруда БАҚ-тың рөлі секілді мәселелер талқыланды.

Айта кетейік, ТМД-ға мүше мемлекеттердің шығармашылық және ғылыми зиялы қауымы форумы 2006 жылдан бері ТМД елдері астаналарында өткізіліп келеді. Оның жұмысын ТМД-ға мүше-мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кеңесі үйлестіреді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



2-бет **Дипломат жастармен кездесті**



4-бет **ЖИ жасаған алғашқы студенттік газет**



7-бет **India and Kazakhstan: history and prospects of relations**



АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №21 (1979) 16.06.2025 ЖЫЛ



«Орталық Азия – Қытай» II саммиті:

ҚазҰУ-да Алматы хартиясына қол қойылды

Соңы. Басы 1-бетте

«Қазақстан мен Қытай мемлекет басшылары арасындағы жоғары деңгейдегі жылы және сенімді қатынастар бүгінгі өзара әрекеттесуіміздің берік негізі болды. Осы саммит аясында бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Орталық Азия және Қытай Ғылым академиясының академиктері бас қосты», – деп тілге тиек етті ҚазҰУ ректоры.

Айта кету керек, мемлекет басшылары саммиті аясында «Орталық Азия – Қытай» Іскерлік кеңесінің екінші отырысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үш келісімге қол қоюды жоспарлап отыр. Біріншісі – ҚазҰУ мен Қытайдың TusHoldings корпорациясы арасында, ол Қытайдағы инновациялық кәсіпкерліктің жетекші институттарының бірі. Құжат стартаптарды дамыту үшін DeepTech, цифрлық және жасыл технологиялар, биомедицина және жасанды интеллект салаларында бірлескен бизнес-инкубатор құруды қарастырады. Екіншісі – «Huibo» (Хуэйбо) цифрлық интеллектуалдық шеберханасын жасақтау, ол заманауи оқу-ғылыми платформа болады. Үшіншісі – Жердегі спутник станциясын құру туралы келісім. Бұл бастама ғарыштық зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты және технологиялық алмасуды кеңейту үшін маңызды қадам болмақ.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Екіжақты тиімді ынтымақтастық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қытайдағы Нанкин университетінің және Сюаньу ауданы халық үкіметінің өкілдері арнайы жұмыс сапарымен келді.



Сюаньу аудандық комитетінің мүшесі Чжу Цзянью бастаған делегациямен ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев кездесіп, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады.

Кездесу барысында ректор оқу ордасының тарихы мен жетістіктері туралы ақпарат берді. Жансейіт Қансейітұлы ҚазҰУ мен Нанкин университеті арасындағы жасалған көпжылдық байланыстың жемісті болғанын атап өтті.

Өз кезегінде Сюаньу аудандық комитетінің мүшесі Чжу Цзянью ҚазҰУ-ға оқуға түскісі келетін қытайлық жастардың саны жыл сайын артып келе жатқанына тоқталды.

Сондай-ақ өз сөзінде құрметті қонақ студенттер алмасу, ортақ білім беру бағдарламасын іске қосу бағытында ұсыныс-пікірін ортаға салып, әріптестік байланысты нығайтуға ниетті екендіктерін жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Дипломат жастармен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, экономика ғылымының докторы, ҚазҰУ-дың құрметті профессоры Берлин Иришев оқытушылар және студент жастармен кездесті.



Шараны оқу орнының Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, белгілі тұлғаның ел дамуы жолындағы еңбегіне тоқталды. «Берлин Кенжетайұлы тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан еліміздің халықаралық аренада танылуына зор үлес қосты. Экономиканың әр саласындағы реформалардың сәтті жүзеге асуына ықпал етті. Экономика ғылымының докторы ретінде бірқатар ғылыми еңбектер жазды. Отандық ғылымның дамуына жол ашып, жас ұрпаққа бағыт-бағдар берді. Дипломатиялық қызметте де еліміздің сыртқы саясатын қалыптастыруда, шетелдермен өзара тиімді қарым-қатынас орнатуда үлкен еңбек сіңірді», – деп атап өтті университет басшысы. Сонымен қатар Берлин Кенжетайұлының қазақтың көрнекті тұлғаларын ғылыми тұрғыда зерттеуге ерекше көңіл бөлгенін айтып, оның бойындағы білімділік пен отансүйгіштікті жастарға үлгі етті.



Қадірменді қонақ өз кезегінде университет ұжымына ыстық ықыласын жеткізді. «ҚазҰУ ұжымымен осымен үшінші рет кездесіп отырмыз. Осы қысқа уақыт аралығында университетте өте үлкен өзгерістер болып жатыр. ҚазҰУ-дың ғылым, техника саласында Қытаймен бірлескен жобалары мен орталықтарын көрдім. Мұндай серіктестік болашақта үлкен мүмкіндіктерге жол ашары анық», – деді дипломат.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Қытай мен Орталық Азия академиктеріне арнайы тур ұйымдастырылды

«Орталық Азия – Қытай» II саммиті аясында өтетін II халықаралық академиктер форумы қатысушыларына арнайы тур ұйымдастырылды.



Орталық Азия елдері және Қытайдан келген академиктер тобы алдымен ҚазҰУ ректоратында болып, университет тарихымен танысты. Мұражайда шетелдіктер назарына қалашықтың әр жылдардағы даму барысы ұсынылды.

Кейін құрметті қонақтар оқу ордасының 90 жылдығы аясында іске қосылған «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығын, Өндірістік робототехника орталығын, Суперкомпьютер кластерін аралап көрді.


Сонымен қатар ҚазҰУ ғалымдары жүргізіп жатқан ғылыми-инновациялық жобалардың нәтижелері туралы ақпарат алды. Меймандар жоғары оқу орны зерттеушілерінің ғылыми әзірлемелеріне қызығушылық таныта келе, өз пікірлерімен бөлісті.

Сапар барысында форум қатысушылары қазақ-қытай бірлескен Жерді қашықтықтан зондтау орталығында болды. Мұнда Орталық Азия өңіріндегі климаттың өзгеруі салдарынан орын алып жатқан табиғи құбылыстарды зерттеу бағытындағы жұмыстардың барысымен танысты.

Гүл БАЯНДИНА

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №21 (1979) 16.06.2025 ЖЫЛ

ChatGPT-дің танымал болғаны сонша – ол небәрі 100 күн ішінде 100 миллион қолданушыға ие болып, абсолютті рекорд орнатты.



Сурет 1. *Танымал үлкен тілдік модельдердің ішкі құрылымы*

Жасанды интеллект дәуірі:


Еліміздің стратегиялық міндеті және ҚазҰУ-дың алғашқы нәтижелері

Салыстыру үшін айтайық, YouTube бұл межеге жету үшін бірнеше жыл жұмсаған. Бұл жағдай Үлкен тілдік модельдердің (Large Language Models, LLM) әлемдік технология нарығында қаншалықты маңызды орын алатынын айқын көрсетті. Үлкен тілдік модельдер – бұл адам тілін түсіну, өңдеу және құрастыру үшін орасан зор көлемдегі мәтіндік деректерге негізделіп оқытылған терең нейрондық желілердің (deep neural networks) бір түрі. Бүгінгі таңда әлемде ChatGPT, Gemini және DeepSeek сияқты танымал LLM модельдері кеңінен қолданысқа ие *(Сурет 1)*. Бұл технологияның коммерциялық және ғылыми-зерттеу салаларындағы әлеуеті өте жоғары.

Осындай жаһандық трендтерге жауап ретінде Қазақстан да өз стратегиясын айқындады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанды жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын еуразиялық цифрлық хабқа айналдыру ниетін нақты мәлімдеп, AI-инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аудару керектігін атап өтті. Бұл Қазақстанның цифрландыру жолындағы негізгі басымдық. Цифрландыру – жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың тетігі ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениетті, тілді және дәстүрді жаңа деңгейге шығарудың бірегей мүмкіндігі. Жасанды интеллект қаржы, білім беру, медицина сияқты ірі салалармен қатар, шағын және орта бизнестің де жұмысын жеңілдетіп, уақытты үнемдеуге зор мүмкіндік береді.

Осы стратегиялық мақсат аясында мемлекеттік қолдаумен және академиялық қауымдастықтың қатысуымен маңызды жобалар жүзеге асырыла бастады. Солардың бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қолға алынған «Қазақ тілін және технологиялық прогресті қолдау үшін үлкен тіл моделін (LLM) құру» жобасы (2024-2026).

Жобаның ғылыми жетекшісі – физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, Жасанды интеллект және Big Data кафедрасының меңгерушісі, жоғары өнімді есептеу және жасанды интеллект саласының маманы Мәдина Есімханқызы.



Сурет 2. *Модельді туралау процесі*

Жобаның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында қазақ тілін мемлекеттік тіл және мәдениетаралық қарым-қатынас тілі ретінде қолдауға, технологияны дамытуға, деректер қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, білім беруді дамытуға және ғылыми зерттеулерді жетілдіруге ықпал ететін заманауи үлкен тілдік модельді (LLM) құру.

Осы мақсатқа жету үшін жоба аясында бірнеше кезеңнен тұратын кешенді міндеттер белгіленді. Ең алдымен, үлкен тілдік модельдерді құрудың әлемдік озық әдістері мен технологияларына терең талдау жасалады. Одан кейін модельді оқытудың негізі болып табылатын қазақ тіліндегі ауқымды деректер корпусын жинау және талдау жұмыстары жүргізіледі. Келесі кезекте модельдің тиімді әрі жоғары өнімділікті архитектурасы әзірленіп, оны заманауи GPU кластерлерінде орналастыру көзделген. Соңғы кезеңде әзірленген тілдік модельді қоғамның қажеттілігіне сай түрлі жүйелер мен платформаларға интеграциялау арқылы оның практикалық қолданысы қамтамасыз етіледі.



Сурет 3. *AI Media Lab орталығы*

Бұл ауқымды жобаны іске асыру үшін еліміздің жетекші ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарынан құралған қуатты консорциум біріктірілді. Жобаны жүзеге асыруға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен қатар, Ақпараттық және есептеу технологиялары институты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Назарбаев университеті ішіндегі ISSAI – Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты, Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы және SOFTCRAFT компаниясы сияқты беделді ұйымдар жұмылдырылған.

Жоба 2024 жылдың қыркүйек айында басталғаннан бері 100-ден астам маманның бірлескен жұмысының нәтижесінде қомақты жетістіктерге қол жеткізілді.

Ең алдымен, бүгінгі таңда 1,9 миллиард параметрден тұратын модельдің негізі қаланды. Оны оқыту кезінде ҚазҰУ кітапханасынан 7000-нан астам кітап, Тіл білімі институты мен «Тіл-Қазына» орталығы дайындаған жүздеген мың сұрақ-жауап (prompt), сондай-ақ көптеген диссертациялық жұмыстар сияқты реттелген деректер электронды форматқа көшіріліп, ауқымды деректер қоры жинақталды. Сонымен қатар модельдің жауаптарын адамның ой-пікірі мен құндылықтарына сәйкестендіру мақсатында DPO (Direct Preference Optimization) және RLHF (Reinforcement Learning from Human Feedback) әдістеріне арналған арнайы деректер жиынтығы дайындалып, «Farabi Lab»-та модельді туралау процесі басталды *(Сурет 2)*. Бұл күрделі есептеулер заманауи L40 GPU кластерінде жүргізілуде, ал болашақта NVIDIA DGX суперкомпьютерін қолдану зерттеу мүмкіндіктерін жаңа деңгейге көтермек.

Жобаның тағы бір маңызды жетістігі – пәнаралық ынтымақтастықтың жарқын үлгісі. Үлкен деректер және журналистика факультеттерінің бірлесуімен, LG Kazakhstan компаниясының қолдауымен таяуда «AI Media Lab» орталығы ашылды *(Сурет 3)*. Осы зертхана аясында қазақ тіліндегі алғашқы жасанды интеллект тудырған «AI-Tamyz» газеті таныстырылды.

Сондай-ақ зертхана жұмысында RAG (Retrieval-Augmented Generation) технологиясының маңызы ерекше атап өтілді. Екі факультеттің зерттеушілері жүздеген мың жаңалықтарды жинақтап, осы технология арқылы модельді нақты деректермен байытуда. RAG технологиясы LLM-дердің «галлюцинация» (жоқтан барды құрастыру) мәселесін болдырмауға көмектеседі, себебі ол модельге сыртқы, тексерілген білім қорына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл күрделі тапсырмаларды орындай алатын келешек AI агенттерін құрудағы негізгі қадамдардың бірі болып саналады.

Бұл – жасанды интеллектінің тек технологиялық қана емес, сонымен қатар шығармашылық және гуманитарлық салаларда да кеңінен қолданыла алатынының айқын дәлелі. «Қазақ тілі мен технологиялық прогресті қолдау үшін үлкен тіл моделін (LLM) құру» жобасы – еліміздегі аса маңызды стратегиялық бастама. Ғылым комитеті ұсынған бұл жобаның нәтижелері ғылым мен технологияны дамытуға, білім беру жүйесін жетілдіруге және қоғамның әлауқатын арттыруға зор үлес қосады. Бұл жоба тілдік технологияларды жетілдірумен қатар, ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновацияларға жаңа серпін береді. Нәтижесінде қазақ тілінің заманауи ақпараттық ортада кеңінен қолданылуына жол ашылып, еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға елеулі үлес қосады. Осылайша ұлттық тілдік модельді құру – Қазақстанды цифрландыру үдерісінде айрықша маңызға ие тарихи қадам.

Мәдина МАНСҰРОВА,
профессор

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №21 (1979) 16.06.2025 ЖЫЛ

ЖИ жасаған алғашқы студенттік газет



Журналистика факультетінің магистранттары жасанды интеллект арқылы қазақтілді алғашқы ғылыми-танымдық, конвергентті, инклюзивті газет даярлады. ЖИ жасаған қазақ тіліндегі басылым «AI-Tamyz» аталады.



«Мемлекет басшысы мемлекеттік тілде контент әзірлейтін нейрожеліні дамытуға аса зор мән беріп, осы салаларды дамытуға баса назар аударып отыр. Жасанды интеллект бағдарламаларының 2024-2029 жылдарға арналған мемлекеттік даму стратегиясы қабылданды. Ректорымыз Жансейіт Қансейітұлының тікелей басшылығымен Фараби университетіндегі білім беру мен мамандар даярлау ісінде жасанды интеллектінің қолданыс аясын кеңейту басым бағыттың біріне айналып отыр. Осы орайда, Фараби университетінде Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер орнатылды. Оның игілігін студенттер мен жас ғалымдар көріп, өз тәжірибесі мен ғылыми ізденісін жасайды. Ал журналистика факультетінің магистранттары нейрожелі арқылы жасап шыққан алғашқы қазақ тіліндегі «AI-Tamyz» газеті осы бағыттағы игі бастаманың бірі ғана», – дейді шығармашылық топ жетекшісі, журналистика факультетінің деканы, филология ғылымының кандидаты Қанат Әуесбай.

«AI-Tamyz» – конвергентті, инклюзивті газет. Басылымның цифрлық, аудиомәтіндік, бейнеконтенттік нұсқалары қоса шығып отыр. Басты ерекшелігі – газеттің барлық материалы жасампаз зердеге тапсырма беріп, генерациялау арқылы жасалды. Газет материалдары, суреттер мен бейнеконтент, аудиомәтін – барлығы да түрлі нейрожелі бағдарламасын қолдану арқылы әзірленіп отыр. Инклюзивті аталған себебі – қоғамның «мүмкіндігі ерекше» өкілдері үшін газетпен танысуға арнайы жағдай жасалды. Мәселен, көру қабілеті төмен жандар газеттегі мақалалардың аудионұсқасын тыңдай алады. Ол үшін әр мақалаға арналған QR-код орналастырылды. Код көру қабілеті төмен адамдарға оңай табылуы үшін газеттің әр бетінің астыңғы оң жақ бөлігіне берілді.

«AI-Tamyz» атауының бірнеше түсіндірмесі бар. AI – ағылшынша «Artificial intelligence» – «жасанды интеллект» дегенді білдірсе, «Ai» және «Tamyz» сөзімен бірігіп дыбысталуы жағынан «Айтамыз» мағынасын береді. Ол ғылым мен білімде, күнделікті өмірде болып жатқан өзекті оқиғалар мен мәселелерді айтамыз дегенді меңзейді. Оның үстіне тамыз айы жиын-терімнің мол өнім беретін айы екені белгілі. Сол себепті бұл басылымның елге берер өнімі көп болсын деген ізгі ниетпен қойылды. Бір жағынан, көркемдік әдеби тұрғыдан «Әй, майын тамызып айтады екенсің» деген сөз тіркесімен де қисынды үйлесіп тұр. Айтар әңгімені көркем, әдемі, ерекше жеткізуді қазақи танымда осындай тұрақты сөз тіркесімен келтірдік», – дейді газетті шығарушылар.

«Газетті жасап шығару идеясы кездейсоқ семинар сабақтың бірінде туды. Data-журналистика пәні бойынша кезекті семинар сабағы өтіп жатқан. Дәріскеріміз Қанат Әуесбайұлы Италияда жасанды интеллект көмегімен жасалған тұңғыш газеттің шыққаны туралы ақпаратты талқылауды ұсынды. Ізінше «Осындай газетті неге қазақ тілінде өзіміз жасамасқа?!» деген ой тастады. Осылайша біз тобымызбен бірлесіп, нейрожелі арқылы жасалған қазақ тіліндегі тұңғыш газетті жасап шығуға бекіндік. Әлбетте, толықтай жасанды интеллект көмегімен жасап шығу оңай болған жоқ. Өйткені бүгінде жасампаз зердеде қазақ тілінің толық мүмкіндігі қолданылмайтыны кедергі болды. Дегенмен ыждағаттылық танытып, айтқанымыздан қайтпадық. Сапалы мақала, қажетті сурет пен бейнені генерациялау үшін ондаған ЖИ бағдарламасын сынақтан өткізіп, жүздеген тапсырма беріп, діттегенімізге ақыры жеттік. Қазірде ЖИ саласында қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп келе жатыр. Сондықтан алдағы уақытта біздің жасап жатқан дүниеміз қазіргіден де сапалы әрі жылдам, оңай жасалатын болады», – дейді газеттің бас редакторы, «Халықаралық журналистика» мамандығының 1-курс магистранты Нұр-Алтай Өмірзақ.

«Газетті жасау барысында түрлі нейрожелі бағдарламасын тәжірибе жүзінде байқап көрдік. Мәтіндерді ChatGPT, GEMINI секілді бағдарламалар арқылы генерацияладық. Бұл бағытта біз алдағы уақытта университетіміздің IT-факультетінің бағдарламалау мамандығында оқитын студенттерімен тығыз ынтымақтаса жұмыс істемекпіз. Бұдан былай қазақ тілінде «мәтін-аудио-бейне» форматында бағдарламалар әзірлеуді көздеп отырмыз. «AI-Tamyz» газетіндегі мақалаларды сондай-ақ WhisperAI, MicMonster, Text to Speech сияқты ЖИ бағдарламаларын қолданып, жасадық», – дейді газеттің шығарылымына жауапты редактор, магистрант Айшат Нақа.

«Газет жасаудағы маңызды дүниенің бірі – мәтінге сай бейнеконтент жасау болды. Біз ол үшін CanvaAI, DALLE, MidJorney сияқты ЖИ бағдарламаларын қолдандық. Сондай-ақ нейрожелінің шығармашылық тұрғысындағы қабілетін сынап, оған әзілдер, шытырман оқиғалы әңгіме мен өлең жаздырып көрдік. Ал қажетті дыбыс пен әуендерді жазуға SunoAI бағдарламасын қолдандық», – деді контент генерациялаған магистрант Жұмабек Мотан.

«Басылымды жасап шығаруда газеттің дизайны мен макетін, оған қажетті мақалаларды әзірлеп, құрастырып шығу болды. Бұған біз CanvaAI бағдарламасының дайын шаблондарын жетілдіріп, газетті толықтай сол платформада жасап шықтық. Бастапқыда газетті айына, кейін аптасына бір рет шығарып тұруды көздеп отырмыз. Басылым білім алушылар мен оқытушыларға және жалпы ғылым саласындағы ізденімпаз жандарға арналған», – дейді газетті құрастырған магистрант Аягөз Қабылғайым.

Аяжан БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
журналистика факультетінің докторанты

Білім – адам өміріндегі ең асыл құндылық. Сол асыл құндылықты бойымызға сіңіру, жаңашылдыққа жол ашу үшін біз ҚазҰУ-дың «Цифрлық экономика» мамандығын таңдадық. Бұл тек мамандық қана емес – болашақтың кепілі. Заман талабына сай шешім қабылдай алатын, дербес ойлайтын тұлға болуға бастайтын қадам.

Цифрлық экономика – жаңашылдыққа құштарлық



ҚазҰУ – бұл жай ғана білім ордасы емес, ұлы мақсаттардың бастауы. Оның қабырғасында жүріп біз цифрлық трансформацияның не екенін терең ұғынып, жаһандық трендтерді игере бастадық. Әрбір дәріс, әрбір зертханалық жұмыс бізді цифрлық экономиканың жаңа биіктеріне жетелейтін баспалдақ іспеттес.

Бүгінгі таңда әлем көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатыр. Деректерге негізделген шешімдер, жасанды интеллект, автоматтандырылған жүйелер – мұның бәрі енді тек IT мамандары үшін емес, экономистер үшін де басты құралға айналды. Осы орайда, ҚазҰУ бізге тек теориялық білім беріп қана қоймай, практикалық машықтарымызды дамытатын нағыз зияткерлік орта қалыптастырғаны үшін ерекше алғысқа лайық.

Цифрлық экономика – бұл тек технология мен бизнестің қоспасы емес, ол жаңа көзқарас, жаңаша ойлау, үнемі ізденіс пен жаңашылдыққа құштарлық. Университет қабырғасында біз заманауи платформалармен жұмыс істеуді, бағдарламалау негіздерін, аналитикалық ойлауды және экономикалық процестерді санмен түсінуді үйреніп келеміз.

Біздің ұстаздар – білім мен болашаққа жол көрсетуші темірқазығымыз. Олар өз тәжірибесімен бөлісіп, бізді шабыттандырып, әрқашан биік мақсаттарға жетелеп келеді. Ұстаздың тәлім-тәрбиесі арқылы біз тек кәсіби маман емес, сонымен қатар Отанына адал, елінің болашағына бейжай қарамайтын азамат ретінде де қалыптасып келеміз.

Біз ҚазҰУ қабырғасында алған білімімізді ертеңгі күні еліміздің дамуына тың үлес қосуға мүмкіндік беретініне сенімдіміз. Бүгінгі талпыныс – ертеңгі табыстың іргетасы. Цифрлық экономиканың алдыңғы қатарлы маманы болу – біздің мақсатымыз.

Қорыта айтқанда, ҚазҰУ – бұл тек оқу орны ғана емес, арман мен мақсат тоғысқан, болашаққа қанат бітіретін қасиетті орда. Біз осы шаңырақта білім алып жатқанымызды үлкен мақтанышпен айтамыз. Өйткені ҚазҰУ – цифрлық болашаққа бастар сенімді білім ордасы.

Әнуарбек ӨМІРЗАҚ,
Әлібек ҚЫДЫРБЕК,
Қайрат ЕДІЛБЕК,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттері

АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ • №21 (1979) 16.06.2025 ЖЫЛ

Білім мен ғылымды дамыту мүмкіндігі

Гуманитарлық білім мен ғылым – ұлттың рухани, мәдени және әлеуметтік дамуының негізі. Бұл сала адамзат қоғамының тарихы мен тілін, әдебиеті мен философиясын, діні мен дүниетанымын зерттей отырып, қазіргі заманғы жаһандық өзгерістерге бейімделуге жол ашады.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің ғалымдарымен кездесуіндегі айтылған мәселелер Қазақстандағы ғылыми зерттеулерді дамытуға бағытталған бірқатар стратегиялық бастамаларға негіз болады. Осы тұрғыда шетелдік ғылыми ортадағы тиімді үлгілер мен тәжірибелерді зерделеу – отандық ғылымды сапалы деңгейге көтерудің маңызды алғышарты. Мысалы, Ұлыбритания, Германия, АҚШ секілді дамыған елдердегі гуманитарлық білім беру мен зерттеу модельдері академиялық еркіндік, цифрлық ресурстарды пайдалану, пәнаралық байланыс және ғылыми-зерттеу нәтижелерінің қоғаммен байланысы тұрғысынан озық тәжірибелерге ие. Осындай халықаралық тәжірибелерді ұлттық ерекшелікке икемдей отырып, Қазақстандағы гуманитарлық ғылымды жаңа деңгейге көтеру – уақыт талабы. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «500 ғалым» бағдарламасы – білім мен ғылым интеграциясын арттыруға бағытталған тың бастамалардың бірі. Мұндай бағдарламалар арқылы ғалымдар тек жаңа білім алып қана қоймай, сонымен қатар халықаралық ғылыми қауымдастықпен байланыс орнатып, бірлескен жобалар жасауға мүмкіндік алады.

Мәселен, мен өзім тәжірибеден өткен Ланкашир университетінде (Престон қаласы, Ұлыбритания) жүзеге асып жатқан ғылыми саясат пен зерттеу орталықтарының үйлесімді қызметі ғылымды институционалдық тұрғыдан дамытуда маңызды үлгі бола алады. Бұл оқу орнында зерттеушілердің академиялық еркіндігі мен материалдық-техникалық базасы жоғары деңгейде қамтамасыз етілген. Сонымен қатар жас ғалымдарды қолдау бағдарламалары жүйелі түрде іске асып, олардың ғылыми-зерттеу жобаларын халықаралық деңгейге шығаруға кең мүмкіндіктер беріліп отыр. Ланкашир университетінде зерттеушілердің академиялық еркіндігі ең алдымен олардың ғылыми тақырып таңдаудағы дербестігі мен зерттеу әдістерін өз бетінше айқындай алуынан көрінеді.

Ланкашир университетінің гуманитарлық бағыттағы зерттеу жұмыстары да жоғары деңгейде ұйымдастырылған және академиялық еркіндік пен материалдық қолдаудың айқын үлгілерін көрсетеді. Атап айтқанда School of Humanities, Language and Global Studies бөлімінде зерттеушілер мәдениеттану, тіл білімі, әдебиет, тарих, философия және халықаралық қатынастар секілді бағыттарда жұмыс істейді. Мұндағы академиялық еркіндік ең алдымен тақырыптың өзектілігі мен зерттеушінің ғылыми қызығушылығына негізделіп, шектеусіз зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Мысалы, мен тәжірибе барысында қатысқан «Transcultural Narratives and Identity in Postcolonial Literature» атты ғылыми семинарда зерттеушілер постколониялық әдебиеттегі ұлттық сана, мәдени ерекшелік мәселелерін еркін талқылап, авторлық көзқарасын ғылыми негізде қорғауға мүмкіндік алды. Бұл – шығармашылық еркіндікті қолдаудың нақты көрінісі. Материалдық базаға келсек, гуманитарлық зерттеулерге арналған заманауи кітапхана ресурстары, цифрлық архивтер және тіл корпустарының қолжетімділігі үлкен рөл атқарады.

Ланкашир университетінде British Library, JSTOR, Project MUSE сынды беделді халықаралық платформаларға толық қолжетімділік бар. Сонымен қатар Digital Humanities зертханасы түрлі мәтіндерге сандық талдау жүргізуге, тарихи деректерді визуализациялау құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді. Университеттің көпмәдениетті және көптілді ортасы да гуманитарлық бағыттағы зерттеулердің мазмұнын байытады. Мысалы, зерттеушілер түрлі елдерден келген білім алушылармен тілдік тәжірибе жүргізіп, мәдениетаралық қарым-қатынасты зерттейді. Мұндай ғылыми-педагогикалық тәжірибе Қазақстандағы көпэтносты, көптілді қоғам үшін де аса өзекті әрі үлгі боларлық. Осы тәжірибелерді ескеріп, Қазақстандағы гуманитарлық ғылым саласын жандандыру үшін, шетелдік университеттермен тығыз байланыс орнатып, ғылыми дербестік пен техникалық қолдауды үйлестіру қажет. Демек, шетелдік ғылыми ортада қалыптасқан тәжірибелер – әсіресе академиялық еркіндік, зерттеу сапасын қамтамасыз ететін инфрақұрылым, пәнаралық тәсіл мен цифрлық ресурстарды қолдану отандық ғылым үшін үлгі боларлық. Ұлыбритания, АҚШ, Германия сияқты елдердің жетекші университеттері гуманитарлық саланы тек дәстүрлі білім берумен шектемей, оны қоғаммен, өндіріс және технологиямен ұштастыра отырып дамытуды көрсетіп отыр.

Сәуле ЕРЖАНОВА,
ҚазҰУ профессоры, филология ғылымының докторы

Журналистика факультетінің 3-курс студенттері «Деректі фильм және медиа» пәні аясында 1931-33 жылдардағы ашаршылық туралы деректі фильм түсірді. Бұл жоба тарихи оқиғалардың шынайы бейнесін архив материалдары мен заманауи медиа құралдарын пайдалана отырып дайындалды.

Студенттер түсірген деректі фильм



ДЕРЕКТІ ФИЛЬМНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Фильмде архивтік материалдар, фотосуреттер, құжаттар және сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайды бейнелейтін деректер кеңінен қолданылды. Студенттер өткен кезеңнің ауыр сәттерін нақты дәлелдерге негіздеп, тарихи оқиғалардың мәнін ашуға ұмтылды. Бұл арқылы олар болашақ ұрпаққа сабақ беруді көздеп, тарихтағы қайғылы оқиғаларды қазіргі заман талаптарына сай жеткізуді мақсат етті.

ТАРИХШЫЛАР ПІКІРІ

Фильмде тарих факультеті сарапшыларының пікірі берілді. Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары, аға оқытушы Еділ Ноянов архив материалдары негізінде сол кездегі әлеуметтік-саяси жағдай мен қоғам өзгерістерін талдап берді. Оның айтуынша, тарихи деректерді дәл талдау арқылы бүгінгі қоғамдағы түйткілді мәселелерді түсініп, келешекте ұқсас қатені қайталамауға болады. Ал оқытушы, PhD докторы Жұлдыз Бекбауова ашаршылықтың саяси және әлеуметтік аспектілеріне тоқталып, өткеннің қайғылы оқиғаларының қазіргі медиа арқылы қалай жеткізілуі керектігін түсіндірді. Оның пікірі бойынша, мұндай оқиғалар тарихи сабақ ретінде қызмет етіп, қоғамды болашаққа дұрыс бағыт беруге ынталандырады.

ФИЛЬМНЕН НЕНІ ҮЙРЕНУГЕ БОЛАДЫ?

Архив материалдарын талдау әдістері: фильм тарихи деректерді жинау, сұрыптау және талдау арқылы өткен кезеңнің шынайы бейнесін көрсетудің маңыздылығын айқындайды.

Медиа құралдарын тиімді қолдану: заманауи технологиялар мен журналистика әдістерін үйлестіре отырып, ақпаратты көрнекі түрде жеткізудің әдістері меңгеріледі.

Сыни ойлау дағдылары: студенттер нақты фактілерге негізделген пікір қалыптастыруды, дәлелдер мен сараптамалық көзқарастарды бағалауды үйренеді.

Тарихи оқиғаларды қазіргі заманға бейімдеу: өткен күннің қаралы оқиғалары қазіргі қоғамның дамуындағы мәселелерді түсінуге және болашаққа сабақ алуға мүмкіндік береді.

ТУЫНДЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

